

Мақсаты: Балаларға еліміздің бас қаласы Астана туралы мәлімет беру. Отанға туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елінің отанын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Қайырлы таң, балалар! Қайырлы таң қонақтар! Сіздерді салтанатты мереке Астана күнімен құттықтаймыз. Жылулық шеңбері: Ал енді балалар бәріміз бір бірімізбен сәлемдесіп алайық. Балалар енді бүгінгі күнімізге сәттілік тілей отырып, жылы лебіздер айтайық.</p> <p>Балалар Әнұран орындайды.</p>	<p>Балалар сәлемдеседі.</p> <p>Амансыңба, Алтын күн Амансыңба, Жер ана! Амансыңба, Астана! Келдік саған қуана. Деніміз сау болсын! Күніміз күлімдесін! Еліміз аман болсын! Бәріміз дос болаық! Аспанымыз ашық болсын!</p>
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Кәне балалар, отырайық. Біз бүгін Отан туралы әңгімелесеміз. Отан деген сөзді қалай түсінеміз? Дұрыс балалар Отан дегніміз біздің еліміз туған үйлеріміз. Біздің отанымыз Қазақстан. Қазақстанды отанымыз дейтін себебіміз, бұл жерде ата-бабаларымыз тұрған, енді сол жерде біз тұрамыз. Адал адам отанын сүйеді. Адам жүрексіз өмір сүре алмайтыны сияқты, Отансыз өмір сүре</p>	<p>Туған жерім, отбасым, халқым.</p>

	<p>алмайды. Біздің мемлекетіміз Қазақстан мемлекеті. Ұлтымыз қазақ.</p> <p>Балалар, Қазақстан республикасының президенті кім?</p> <p>Біз қай мемлекетте тұрамыз?</p> <p>Қ.Р.-ның тілі қандай?</p> <p>Қазақстан көп ұлтты мемлекет.Қазақстанда әртүрлі ұлт өкілдері тұрады.Соның ішінде қандай ұлт өкілдерін білесіңдер?</p> <p>Мемлекеттік рәміздерді кім атап береді?</p> <p>Елордамыз қай қала?</p> <p>Аруназ:</p> <p>Астана менің Айбыным менің Берекем менің Байлығым менің Дос болар сенде тоғысқан жандар Басталар сенен тойлы күндерім.</p> <p>Алтайыр:</p> <p>Астана менің Ақордам менің Танытты сені бақ орнап елім Шаттыққа төсі бөленген елдің Болашағында сенен көремін.</p> <p>Гүлсезім:</p> <p>Елордам менің Астана Осында жаңа бастама Сәулетті зәулім үйлер көп Көрікті жас қала</p> <p>Мансұр:</p> <p>Ардақталды жас қалам</p>	<p>Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев</p> <p>Қазақстан Республикасы Қазақ</p> <p>Орыс өзбек татар қырғыз түрік</p> <p>Астана</p>
--	---	---

	<p>Мәртебелі бас қалам Көркейе бер күн сайын Алға қарай бас қадам. Ернар: Астана қандай тамаша Көз тоймайды қараса Қандай керемет тамаша Менде бар ғой жас қала Ермұхан: Оның аты Астана Астананы қараса Жүрегім соғады тамсана Менің елім Астана. Балауса: Арайлы таңым Астанам Тек өзіңмен мақтанам Бәйтерек пен Ақорда Жаста болса бас қалам. Жанайым: Ару қалам Астанам Бой көтерген жас қалам Бәйтеректің биік шыңы Ерекше ғой басқадан. Нұрасыл: Арайлы таң Астанам Бір өзіңмен мақтанам Есіл өзен бойымен Көркейген менің жас қалам. Нұрай: Алтын күннің астында Желбірейді туымыз. Қазақ деген халықтың Ұлы менен қызымыз.</p>	
<p>Рефлексиялық түзетушілік</p>	<p>Балаларға теледидардан слайд көрсету. Астананың символы «Бәйтерек» ті түрлі түсті қағазбен жапсыру. Балалардың жұмысын бағалау.</p>	<p>Балалар теледидардан Астананың суреттерін тамашалайды. Балалар қуана жапсырады.</p>

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы
Жаңабазар елді мекені Жылыбұлақ ауылы
«Адель» ЖШС «Айгөлек» тобы

Тақырыбы: Жайнай бер Астана!

«Айгөлек» ересек тобы

Абдукадирова З

Бекова Ж

2017-2018 оқу жылы

«Адель» балабақшасы

№	Басылым аттары	Жоспар
1	Егемен Қазақстан	1
2	Оңтүстік Қазақстан	3
3	Айғақ	2
4	Өзге пікір	2
5	Уақыт	1
6	Жас алаш	3
7	Рейтинг	1
8	Қазығұрт тынысы	7
9	Киелі Қазығұрт	6
		26
	Бағасы	31870т

Мен ----- Жас ұлан

Жәспірімдер мен балалар ұйымының қатарына кіре отырып,

Өз Отаным --Қазақстан Республикасының патриоты болуға

Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге ,дәріштеуге

Туган елім, жерім Отанымды мақтаныш етуге ,

Ата-анамды қадірлеуге ,

Үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсетуге

Білімге табандылыққа ұмтылуға,

Салауатты өмір салтын ұстауға,

Табиғатты аялауға ,

Жас ұлан ережесін бұлжытпай сақтауға және оны өз достарымнан

Талап етуге ант етемін ,Біздің жерлестеріміздің даңқты ерлігі өнегесі,

Негізінде ерлікке үйренуге және Отанға шексіз қызмет етуге салтанатты

Түрде

АНТ ЕТЕМІН, АНТ ЕТЕДІ ,АНТ ЕТЕМІН,